Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан
Манаш Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Северо-Казахстанский государственный университет
им. М.Козыбаева

Қаламы ұшкыр, ойы терең

/ Ұсынылатын библиографиялық көрсеткіш СҚО жазушы-журналисі Б.М.Мустафинің-75 жылдығына арналған /

Листая памяти страницы

/ Рекомендательный указатель литературы к 75-летию со дня рождения писателя-журналиста СКО Бахыта Мустафина /

Петропавл, 2012

Оқырманға

Ұсынылып отырған көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысының көрнекті ұстаз,жазушысы- журналист, ең бастысы жаны жайсан азамат Бақыт Мұстафинге арналған.

Мағлұмат алфавиттік тәртіппен орналасқан. Жазушы,журналистің өмірі мен шығармашылығы туралы ең соңғы басылымдар еңгізілген. СҚМУ ғылыми кітапханасы қорында бар.

Көмекші құрал ұстаздарға, студенттерге және қалың оқырман қауымға арналған.

Мұстафин Бақыт Мүтәллапұлы
(1937-2006)

«Айтар сөзді сыр шертсе, кестелетті, Жазғандарын жан сүйер мөлтек етті. Ол басқарған «Солтүстік Қазақстан» Газеттердің ішінде төрге жетті, Әттең, өзі өмірден ерте кетті».

Кәкімбек Салықов

Мұстафин Бақыт Мүтәллапұлы 10.12.1937, қазіргі Есіл ауданы Еңбек ауылында туған. Журналист, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚазМУ-ді (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) 1959 жылы бітірген.

Еңбек жолын облыстық «Ленин туы» газетінде (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») бастаған. Газетте бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып істеген.

1988 жылдан 2004 жылға дейін осы газеттің бас редакторы қызметінде. Қазақстан Жазушылар одағы сыйлықтарының бірнеше дүркін лауреаты. Мұстафин Солтүстік Қазақстан еңбекшілері жайлы бірнеше кітап пен очерктің, балаларға арналған «Тәтті сәбіз», «Жаңарған өлке», «Егістікке рахмет», «Жарқын жол», «Диқан жолы», т.б. әңгімелердің авторы. Оның туындылары «Балдырған» балалар журналының жүлделеріне ие болған. «Достық» орденімен марапатталған.

Журналистика жанды баурар сылқым сұлу сөздің сыңғыр ғана емес, қоғам мүддесінің қоңырауы, жалқының жүрек дүрсілі мен жалпының жан айқайы екенін ұғу мен ұғындыру - қазақ баспасөзінің бағын ашқан басты фактор екені даусыз. Осынау ұлы ұстанымды ту етіп дамып келе жатқан қазақ журналистикасы рухани өміріміз дариясындағы алтын арна іспеттес. Ал оның қайнар көзі, бастау бұлақтары - ел-елде, жер-жерде, өңір-өңірлерде.

Қызылжар топырағындағы сондай құнарлы қайнар - «Солтүстік Қазақстан» газеті. Әр алуан атпен 1920 жылдан бері

шығып келе жатқан бұл басылым – отандық қадау-қадау қара шаңырақтарының бірі. Сонау ұлы Мағжан Жұмабаевтан бастап, күні кешегі дархан дарын иесі Бақыт Мұстафинге дейінгі газет тізгінін ұстаған қайраткер-қаламгерлердің қай-қайсысы да туған еліне,өз Отанына қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Оқырман назарына ұсынылып отырған жинақтың ерекшелігі де осы кілтпен ашылады.Ол қазақ баспасөзінің кара нарларының бірі, қабырғалы қаламгер, ел ісіне кеудесін қақпай, арқасын тосып табанды еңбек еткен қайраткер-редактор Бақыт Мүтәл-лапұлы Мұстафиннің өміріне,қызметі мен творчествосына арналған.

Жазушы-журналистің кезінде жұртшылық тарапынан жоғары баға алған төл туындылары мен замандастарының жүрегінен шыққан терең тебіреністі естелік-жазбаларда дәуір мен дарын бейнесі барынша жарқын ашылады. Заңғар замандасты танып-білуге, есімін ел жадында сақтап, ұрпаққа өнеге етуге бағытталған алғашқы қадам оңынан болғанына қуана қол соғу керек. Өйткені мұның өзі айтарлықтай жақсы үлгі. Елдіктің белгісі. Жақсының жақсылығын жарқыратып айтып, әлдебір көрбілтелікке салынып, пенделік бақай есеппен кертартпалық танытпай, керісінше кеңқолтық кісілік көрсету қашан да абыройға абырой қосар қылық қой.

Бақыт Мұстафин - әлеуметтік белсенділігімен де, шығармашылық шеберлігімен де, адами болмысымен де өз ортасының оза шапқан жүйрігіндей жайсаң тұлға. Қарапайым калпымен шын асылдың жарқыл-жұркыл әсіре қызыл амал емес, тереңге тұнған тектілік екендігін таныта алған абзал азамат. Күн айғайламай шығып, таң аттан салмай-ақ ататындығын бар саналы ҺӘМ ғибратты ғұмырымен дәлелдеп өткен кісі. Қандай биік қызметте болса да, қандай жоғары наградаларға немесе кәсіби кәделі сыйлықтарға ие болып жатса да қабағын керіп, кеуде қағып көрмеген, қандай жағдайда болсын жұлымырлық пен жетесіздікке, өз пайдасы үшін өзгенің сағын сындырып, несібесіне қол сұғуға бармаған зор парасат иесі. Кісілік келбеті. имандылығы мен инабаты, терең ішкі мәдениеті, үлкен-кішіге бірдей мейірімділігі, өрелі білік-білімі, кіршіксіз рухани

тазалығымен жұртшылық жүрегіне жол тапқан аяулы жан. Нағыз зиялы, нағыз интеллигент деп осындай адамдарды айтса керек.

Б. Мұстафин тарихы тоқсан жылға таяп калған «Солтүстік Қазақстан» газеті эстафетасын жиырма бірінші ғасырға өз қо-лымен тапсырып, аманаттаған ҺӘМ басылымның жаңа ға-сырдағы жаңа шежіресінің жаңа парағын өз қолымен ашқан бақытты редактор. Оның үстіне еліміздің солтүстік өңіріндегі тарихы тереңнен бастау алатын бағалы басылымның халкы-мыздың көп ғасырлар бойғы арманы болған мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі тұңғыш редакторы.

Мыңжылдықтар тоғысымен тұспа-тұс келген доғам өміріндегі таңғажайып өзгерістер, санадағы сілкіністер мен іркілістер кезінде тәуелсіздік талабына сай жаңа газет шығару оңай емес еді, әрине. Жас егемен мемлекетіміздің аяғынан қаз тұрып, берік бой түзеуі бүкіл қоғамнан зор күш-жігер мен төзім-тегеурін талап етсе, жаңа тұрпатты басылым жасау үшін журналистер рухани сілкініс, сергек серпін мен шарт сынбас шыдамдылық танытуы қажет болды.

Алғашкы киындықтар кезеңінде Солтүстік Қазақстан тәрізді қазақы оқырмандар онша көп емес өңірде басылымды, оны шығарып келген ұжымды сақтап қалудың өзі қатты проблемаға айналғаны құпия емес. Газет шығару ісін нарықтық жағдайға бейімдеу, жазу-сызудың мән-мағынасын, тақырыптық бағыт-бағдарын мүлдем бөлек арнаға бұру, окырмандардың газет сөзіне деген талайдан қалыптасып калған таптауырын көзқарасына жаңаша жан беру керек еді. Б. Мұстафин бастаған «Солтүстік Қазақстан» газетінің журналистері бұл сыннан мүдірмей өтті. Жаңа сүрлеуге түсті. Жаңа серпілістерге жол ашылды.

Соның бәрінде редактордың басшылық біліктілігі твор-чествoлық тегеуріндiлігі мен биік адамгершілігі айтарлықтай ықпалды фактор болғандығы даусыз. Творчествoлық ұжымға жетекшілік ету әдеттегіден өзгешелеу жұмыс стилін талап етеді. Лауазымның беделімен орындықтың сұсымен дегенімді жүргізіп, қалағанымды орындатам деу қателестіреді.

Әпербакандық алысқа апармайды, жарға соқтырады. Өткеннің бәрін жоққа шығарып, бар тарихты бір өзінен бастауға деген бейшара құмарлық, дарақы даңғазалық пен жымысқы жағымпаздық абырой әпермейді.

Творчество адамдарына құрметпен қарау, өз шығармашылық деңгейіңнің биікте болуы, қанға сіңген қарапайымдылық пен биязылық қана шынайы бедел мен құрметке жеткізеді. Б.Мұстафиннің басшылық біліктілігінің негізінде тап осындай қасиеттер жатыр.

Публицистикалық шеберлігі төрт мәрте Қазақстан Журналистер одағының сыйлығымен аталған Б. Мұстафин көркем прозада да өз қолтаңбасымен таңылған талантты қаламгер болатын. Бірнеше жинақ шығарып, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне кабылданды. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдеби туындылары кезінде көпшілік көңілінен шығып, сыншылар тарапынан жоғары баға алды. Басқа халықтардың тілдеріне аударылды. Республикалық деңгейде аталып, автордың абыройына абырой қосты. Жазушы шығармашылығы жөнінде әр кезде Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденов, Мағзом Сүндетов, Кәкімбек Салықов, Герольд Бельгер және басқа белгілі қалам-герлер жылы лебіз білдірді.

Жалпы журналист-жазушы Б. Мұстафин - ұзақ жылдар бойы Қызылжар өңіріндегі әдеби-творчестволық процестің, халықтың көркем шығармашылығының дамуына тікелей өзі белсене араласып қана қоймай, ұйымдастырушы ретінде де жемісті әсер еткен тұлға. Оның творчествосы мен қоғамдық белсенді іс-әрекеті Есіл өңірінде казақ тілінің өрісін кеңейтіп, беделін арттыруға айтарлықтай үлес болып қосылғаны анық.

Б. Мұстафиннің өз өмірінің соңғы жылдарын жоғары оқу орнында ұстаздық етуге арнауы да кездейсоқ емес. Ол бұл іске айырықша ыждаһаттылық танытып, студент жастарға өзінің бүкіл саналы ғұмырының мәніне айналған сүйікті журналистикасының қыр-сыры жайлы қызықты лекциялар оқумен ғана шектелмеді. Түрлі оқу құралдары мен методикалық әдебиеттер шығаруға құлшына кірісті. Тіпті, жаңа бір тынысы ашылғандай,

университет аудиториясына асығып тұратын мінез шығарды. Өмір бойы жинаған білім-тәжірибесінің жас ұрпақтың кәдесіне жаратудың жаңа жолы табылғанына қуанды. Алдындағы қызғалдақтай құлпырған өрімдей жастардың қулық-сұмдықтан мүлдем ада мойылдай мөлдіреген жанарларынан қызығушылық отын көріп қанаттана түсті.

Өкінішке орай, төбеден жай түсіргендей төтеннен келген ажал шіркін жайсаң ағаның көп жоспарларының жүзеге асуына мүмкіндік берген жоқ. Елім деп соққан жүрек ерте тоқтады. Маңайына қашан да мейірім шуағын шашып жүретін ғазиз жүрек өзіне ғана белгілі әлде бір әнтек себеппен сыр берді. Өлшеулі ғұмырдың соңғы сағаты осылайша соқты. Жазмыштан озмыш жоқ.

Қара басының қамын ғана ойламай, елі үшін аянбай тер төккен талант тағдырының бос пендәуи тіршіліктен бір артықшылығы бар. Ол-жүрек соғысы тоқтаған сәтте де, туған халқына артында қалған өміршең өнегесімен қызмет ете беретіндігі.

Б. Мұстафин - сондай өнегелі ғұмыр иесі.Оның өміршең өне-гесін ұрпақтар жадында жаңғыртып, елжандылық тәрбие еншісіне айналдыру - артта қалғандар мен келер буындар парызы.

Бақыт Мұстафин өмірінің соңғы жылдары М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде болашақ журналистерге дәріс берді. Қолынан қаламы түспеген күйде кенеттен мәңгілік сапарға аттанды. Оның есімі өңіріміз-дегі журналистердің бірнеше ұрпағының есінде, ұстаз, жазушы-журналист, ең бастысы жаны жайсаң азамат ретінде сақталары сөзсіз.

Оқырманға жол тартқан осынау жинақтың маңыздылығы да осы бағыттағы алғашқы ақжолтай қадамдардың бірі екендігімен дараланады.

Тоқсан жылдан астам тарихы бар туған газетімізде жарты ғасырға жуық еңбек етіп, өзі де, сөзі де газетіміздің тарихында қалған көрнекті жазушы, журналист Бақыт Мұстафиннің туғанына үстіміздегі жылғы 10 желтоқсанда 75 жыл толады.

Еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші

- Бәйшешек. Әңгіме /Б.Мұстафин //Қызылжар нұры.-2012.-7 желтоқсан.

- Досыңды шақыр: әңгімелер/Б.Мұстафин.-Петропавл, 1997.-128 б.

.

- Ел деп соққан жүрегі: ақын Есл̆ам Зікібаев туралы / Б.Мұстафин //Солтүстік Қазақстан.-2003.- 16 сәуір.

- Жол үстіндегі әңгіме: Мұқанов-110 жыл / Мұстафин Б // Қызылжар нұры. - 2010. - 13 сәуір.

- Қазіргі газет жанрлары. Хабар: оқу-әдістемелік құрал / Б.Мұстафин.- Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ,2006.- 45 б.

- Нұрлы жол:Жерлесіміз, Ленин орденді педагог, Асқар Игібаев-70 жаста / Б.Мұстафин //Солтүстік Қазақстан.-1999.-3 қыркүйек.

- Сарыала күзде сағыну/Б.Мұстафин.-Петропавл: Солтүстік Қазақстан.-2007.-512б.

- Таза көңіл: очерктері/ Б.Мұстафин.-Петропавл.: Полиграфия,2005.-312б.

- Ұзақ жол. Әңгіме.-Жазушы Бақыт Мұстафин-75 жыл. //Солтүстік Қазақстан.-2012.-8 желтоқсан.

- Ұзақ жол : әңгіме/ Б.Мұстафин //Қызылжар Нұры.-2007.-14желтоқсан.

- Халқы сүйген ұлы жазушы./ Б.Мұстафин // Қызылжар нұры. - 2010. - 6 тамыз.

- Халық қолдауы-қанаты:Солтүстік Қазақстан газетіне-80 жыл./ Б.Мұстафин //Солтүстік Қазақстан.-2000.-22 желтоқсан.

Өмір мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттір

- Есқали Ө. Жүрегі жылы жан: журналист Бақыт Мұстафин туралы. //Егемен Қазақстан.-2008.-7 ақпан.

- Қаламгер жасай бер заманымен: Бақыт Мұстафиннің туғанына-70 жыл. //Солтүстік Қазақстан.-2007.-10 желтоқсан.

- Қожахметов Б. Ұлы ұстазына еліктеген еді. Журналист Б.Мұстафин-75 жыл. //Солтүстік Қазақстан.-2012.-8 желтоқсан.

- Құсайынов З. Алдыңғы толқын ағалар: журналист-жазушы Бақыт Мұстафин-70 жыл. //Қызылжар нұры.-2007.-7 желтоқсан

- Малдыбаев Ш. «Біздің Бәкең» деуші едік...: журналист,жазушы Б.Мұстафин-75 жыл. //Солтүстік Қазақстан.-2012.-8 желтоқсан.

- Мұстафин Бақыт Мүтәллапұлы // Сүгірбаев Т. Қызылжар өңірінің зиялы қауымы. Петропавл.-2010.-б.247.

- Мұстафин Б. Солтүстік Қазақстан: энциклопедия.-А.: Арыс,2006.-б.427.

- Салықов К. Абзал Азамат: Ұзақ жол. Әңгіме. //Қызылжар нұры.-2007.-7 желтоқсан.

- Тереңнен сөз шығарған қаламымен: журналист. Б.Мұстафин-70 жас. //Солтүстік Қазақстан.-2007.-10 желтоқсан.

Құрастырушы: Казиканова А.Қ.
Ақпарат-библиографиялық бөлім

К читателям

Предлагаемый вашему вниманию рекомендательный указатель посвящен 75-летию со дня рождения Б. Мустафина, известного писателя и журналиста Северо-Казахстанской области.

В указателе представлена биография журналиста, краткий обзор его творчества, список литературы его публикаций и о нем, имеющиеся в фонде научной библиотеки СКГУ им. М. Козыбаева.

Указатель предназначен для преподавателей, студентов, а также для широкого круга читателей.

Бахыт Муталлапович Мустафин

(1937-2006)

«Бахыт Мустафин достойно пронес эстафету старейшей областной газеты в 21-й век, открывшей новую веху в истории казахской печати, и стал одним из первых редакторов такого масштаба в истории северного региона после получения независимости республики, той самой, о которой в течение многих веков мечтал наш народ».

Ербол Шаймерденов

Бахыт Муталлапович Мустафин родился 10 декабря 1937 года в селе Енбек Ленинского района (нынешний Есильский район) Северо-Казахстанской области в семье учителя. В 1954 году он окончил Енбекскую среднюю школу, поступил на факультет журналистики Казахского государственного университета в городе Алматы и окончил его в 1959 году.

После окончания КазГУ он начал трудовую деятельность в редакции казахстанской областной газеты «Ленин туы» (ныне «Солтүстік Қазақстан»), прошёл в ней путь от рядового журналиста до главного редактора. Пятнадцать лет возглавлял редакционный коллектив.

Бахыта Муталлаповича хорошо знали и поддерживали его творческие устремления классики казахской литературы Сабит Муканов, Габит Мусрепов, а также многие ныне здравствующие известные писатели Казахстана. Он был неоднократным лауреатом премий республиканского детского журнала «Балдырган», Союза журналистов Казахстана, публиковался во всесоюзном журнале «Костер». В республиканских издательствах Б.Мустафин выпустил 6 книг

рассказов, очерков, особенно ярко он проявил себя в жанре детского рассказа.

Бахыт Мустафин своей социальной активностью, творческим мастерством, человеческой натурой, благородством явно выделялся из своей среды. У казахов есть такая присказка: «Солнце без шума восходит». С полным правом ее можно отнести к Бахыту Муталлаповичу. На какие бы вершины ни восходил, какие бы высокие награды и звания ни получал, он оставался скромным, вежливым, не поддающимся гордыне или зазнайству. Своей человечностью, глубокой внутренней культурой, добрым отношением к старшим, обширными знаниями, прозрачной духовной чистотой снискал к себе огромную любовь и уважение среди своих земляков. Настоящими интеллигентами называют таких людей.

Мустафин достойно пронес эстафету старейшей областной газеты в 21-й век, открывшей новую веху в истории казахской печати, он стал одним из первых редакторов в истории северного региона после получения независимости республики, той самой, о которой в течение многих веков мечтал наш народ. В момент встречи прошлого и настоящего века, когда в жизни общества происходили коренные преобразования, выпускать газету, соответствующую новым требованиям эпохи, было весьма нелегким делом.

Становление и развитие молодого суверенного государства требовали от общества радикальной перестройки сознания, большого душевного подъема, нового подхода в решении важнейших дел по перестройке всей нашей жизни. Соответственно и СМИ - проводникам важнейшей государственной политики - нужно было приспособиться к новым рыночным условиям, коренным образом изменить тематику, совершить целую революцию в умах читателей. И Бахыт Муталлапович сумел с большим тактом, без «революционных» потрясений, находить верное русло, приспособить издание к рыночным условиям. Он успешно преодолевал все испытания и рифы на пути к новому.

Безусловно, этому способствовали умелое руководство газетой, высокое понимание задач и новых свершений в печати, большой творческий кругозор и авторитет редактора. Бахыт Мустафин понимал, что огульное отрицание прошлого, охаивание пройденного ранее пути ради политической конъюнктуры по крайней мере некорректно. Другое дело - не искажать фактов истории, показать их через преломление реалий нового времени. А также достойно отражать многолетнюю борьбу за национальную независимость, воспитывать высокий патриотизм у молодежи, ее желание строить новое будущее. Именно таким образом, сея разумное, доброе, вечное вместе с коллективом, повышая уровень своего творчества, Бахыт Муталлапович своими добрыми делами, человечески прекрасными качествами снискал себе и в журналистской среде, и среди читателей уважение и огромный авторитет. Не случайно публицистическое мастерство Бахыта Мустафина дважды отмечалось премией Союза журналистов Казахстана, он награжден орденом «Достык».

Но была у Бахыта Муталлаповича одна важнейшая творческая струна, не замолкающая ни на мгновение даже в самых напряженных работах на поприще журналистики. Ведь не случайно он стал признанным мастером детской литературы, документальной прозы. Издав несколько сборников, положительно встреченных критикой и нашедших признательность читателей, Б.М. Мустафин был принят в Союз писателей Ка-захстана. О творчестве Бахыта Мустафина как писателя тепло отзывались такие видные мастера слова, как Сафуан Шаймерденов, Магзам Судентов, Какимбек Салыков, Герольд Бельгер и другие.

Он дал путевку в творческую жизнь североказахстанскому прозаику Ермеку Конарбаеву, поэту Амандыку Абжанову и другим.

Писатель и журналист Б.Мустафин был непосредственным участником литературно-творческого процесса в регионе. Он внес огромный личный вклад в развитие

казахского языка и поднял его авторитет в северном Приишимье.

Последние годы своей жизни он посвятил педагогической деятельности в Северо-Казахстанском государственном университете. Бахыт Муталлапович не ограничивал себя только чтением интересных лекций будущим журналистам, он спешил поделиться в студенческих аудиториях своим огромным творческим багажом, опытом духовности, высоким художественным мастерством публициста.

К сожалению, рано остановилось его сердце. В расцвете творческих сил ушел от нас Человек с Большой Буквы. Но верно говорят, что человек жив, пока живет о нем память. А она - в его замечательных книгах, столбцах газет, в сердцах тех, кто имел с ним возможность быть рядом, общаться, творить.

Публикации Б.Мустафина

- Черный дождь: рассказ/ Б.Мустафин //Северный Казахстан.-2007.- 7декабря.
- После ливня: рассказы/ Б.Мустафин //Провинция.-2007.- №4.-с.32-40.
- Настоящий тулпар: из творческого наследия/ Б.Мұстафин //Провинция.-2007.- №1.- с.42-46.
- Белое полотенце: рассказ/ Б.Мустафин //Северный Казахстан.- 2005.-18марта.
- Погоня за призраком: рассказ/ Б.Мустафин //Нива.-2003.- №12.-С.48-56.
- Ищу своего героя:[Р.Сейсенбаев]/ Б.Мустафин //Северный Казахстан.-2001.-20 июля.

- Потомок тулпара: рассказ/ Б.Мустафин //Нива.-2001.-№1.-С.87-94.
- Соседи. После ливня: рассказы./ Б.Мустафин //Нива.-1997.-№7.-С.42.
- Погоня за призраком: рассказ/ Б.Мустафин //Северный Казахстан.-1997.- 26ноября.
- Акылбек; Маленький патруль и др.рассказы/ Б.Мустафин //Нива.-1993.-№2.-С.63-66.
- Маша и Даша. Первый шаг. Поездка:Из творческого наследия Б.Мустафина //Северный Казахстан.-2012.-11 декабря.

О жизни и творчестве:

- Агибаева С. Слово земляка //Б. Мұстафин Б. Сарыала күзде сағыну.-Петропавл.: Солтүстік Қазақстан.-2007.-С.427-430.
- Бахыт Мустафин //Северо-Казахстанская область: энциклопедия.-А.: Арыс,2004.-с.401.
- Вихляев В. Человек, умевший дружить //Мұстафин Б. Сарыала күзде сағыну.-Петропавл.: Солтүстік Қазақстан.-2007.- С.413-419.
- Всем миром издать сборник //Северный Казахстан.-2008.-22 февраля.
- Джунусов Х.Замечательный человек // Мұстафин Б. Сарыала күзде сағыну.-Петропавл.: Солтүстік Қазақстан.-2007.- С.398-401.
- Малдыбаев Ш. Наш Баке //Северный Казахстан.-2012.-11декабря

- Муканов К. Человек открытой души: к 70-летию Б. Мустафина /К.Муканов // Северный Казахстан.-2007.-10декабря.
- Петрова, В. Счастье Бахыта Мустафина /В.Петрова //Проспект СК.-2007.- 21декабря.
- Сактаганова О. Человек доброго и большого сердца // Мұстафин Б. Сарыала күзде сағыну.-Петропавл.: Солтүстік Қазақстан.-2007.- С. 421-423.
- Самойленко В. Интеллинент из аула «Енбек» // Мұстафин Б. Сарыала күзде сағыну.-Петропавл.: Солтүстік Қазақстан.-2007.- С. 420-421.
- Шаймерденов Е.Вся жизнь его была примером: К 70-летию со дня рождения Б. Мустафина //Провинция.-2007.-№ 4.-С.28-29.
- Шестериков, В. Степная звездочка: к 70-летию Б.Мустафина /В.Шестериков //Провинция.-2007.-№4.-С.30-31.

Подготовила: Макаренко О.М.
Информационно-библиографический отдел

Ответственная за выпуск: Нурпеисова К.Н.
Зав. библиотечным комплексом

Из творческого наследия Бакьлта Мустафина

Маша и Даша

Жил на свете мастер, который делал кукол. Он добрый й очень любил детей. А особенно своих дочерей - Машу и Дашу. Так получилось, что они вместе с мамой жили далеко-далеко - в другом городе, а может, даже в другой стране. Мастер скучал по двум своим малышкам и каждую ночь их видел во сне.

Однажды к мастеру пришел директор кукольного театра и попросил смастерить ему двух кукол, пожаловавшись, что зрители не хотят больше смотреть на устаревших кукол. Заказов в последнее время у мастера не было, поэтому он охотно согласился. Всю ночь он мастерил кукол. Работалось ему радостно и легко. Всю свою душу вложил мастер в этот труд. К утру у него получились две очаровательные куколки, которых он назвал... Ну, конечно, вы уже догадались! Он назвал их Маша и Даша. Завершив работу, мастер решил вздремнуть, а готовых кукол положил в большую красивую коробку из-под сигар. И вот тут-то начались чудеса...

"Ап - чхи!" - вдруг сказала Маша. "Ап-чхи! - поддержала её Даша и добавила: - Отсюда надо уходить и поскорей, иначе мы задохнемся в табачной пыли". Да, представьте себе, куклы вдруг ожили, зачихали и заговорили. Но, наверное, так и должно было случиться, ведь мастер вложил в них всю свою душу!

Вдвоём они быстро подняли крышку коробки и вышли. Вокруг был огромный и загадочный мир. Маша первой спрыгнула с тумбочки, а Даша испугалась, но потом всё же спрыгнула следом. Маша и Даша ходили по дому тихо-тихо, как мышки, и никто их не слышал. Окно в доме было открыто, и они залезли на стул, со стула на стол, а со стола на подоконник. На сей раз первой спрыгнула Даша - ей очень не хотелось выглядеть трусихой в Машиных глазах. Они очутились в большом саду, окружавшем дом, среди чудесных цветов, казавшихся им деревьями. Маша и Даша долго гуляли среди цветов, устали и, вдобавок ко всему, заблудились. Они дошли до

лавочки, стоявшей среди берез, взобрались на неё и крепко уснули.

А мастер уже проснулся и перерыл весь дом в поисках исчезнувших кукол. Он был в отчаянии и, чтобы собраться с мыслями и немного передохнуть, решил выйти в сад, посидеть на лавочке. Трудно передать, как обрадовался мастер, когда увидел кукол. Он бережно держал их в руках и не смог понять, как они очутились в саду, здесь, на этой лавочке.

Ему очень не хотелось расставаться с Машей и Дашей. Войдя в дом, мастер увидел директора кукольного театра, извинился и сказал, что сделает новых, ещё более замечательных кукол. А эти... Эти пусть останутся у него.